

# Егемен Қазақстан

Жайсаң



Ақын, жазушы, қазақ совет балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, этнограф, аудармашы Құрманбай Толыбаев! Иә, бұл есіммен өткен ғасырдың 60-шы, 70-ші, 80-ші жылдарының балалары мен жастары жақсы таныс деп сенімді түрде айта аламыз. Өйткені, осы жылдардағы «Қазақстан пионері» газеті (қазіргі «Ұлан») мен «Балдырған» журналының әр нөмірінен балалар өздерінің сүйікті қаламгерінің қызықты да тағылымды дүниелерін оқып, көкейіне тоқып өсті. Алайда, өкініштісі сол, балалар да, былайғы жұрт та Қ.Толыбаевтың кім екенін толық біле бермейтін. Өзінің өмір жолы, тағдыр соқпақтары отаршылдардың қызыл идеологиясына ұнай бермейтінін білгендіктен бе, жоқ әлде, жалпы жаратылысы атакқұмарлықтан алыс жатқандықтан ба, аса жақын араласқан дос-жарандары болмаса, Құрағаң өзін көбінде «жабық» ұстайтын, «саяқ» жүретін. Ал, шынтуайтына келгенде, ол тұтас ғұмыры қызыл сызықпен қақ екіге жарылып жатқан күрделі тағдырдың

1928 жылдың сәуір айында қазіргі Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Асы жайлауының Жалғызқарағай дейтін жерінде, көк бастаудың жағасында отырған Толыбайдың ұлы Игіліктің шаңырағында шекесі торсықтай ұл өмірге келді. Сол күні «Құрбан айт» мейрамы еді. Хан-Тәңірі атырабындағы жұрт «Құрбан айт» дегенді «Құрман айт» деп сөйлейді. Сол дағдымен азан шақырып шақалаққа «Құрманбай» деп ат қояды.

1930 жылға келгенде Кеңес үкіметі қазақтың бұрынғы сайран өмірі мен мейрам тірлігінің шырқын бұзды. Осы тұста Матай тауы мен Күреңбел өңіріндегі халық кеңестік қызыл қырғынға қарсы наразылық білдіріп, бас көтереді. Сол арпалыста Шаңқанайдың атақты байы Асубайдың немерелері, Игіліктің балдыздары Алмабай мен Жидебай, інісі Игісін оққа ұшады. Сөйтіп, босқындық басталады да, ел қуғын-сүргінге ұшырайды. Содан Игілік 1930 жылдың қыраулы күзінде Қытай асып кетуге мәжбүр болады. Туыстарынан Игенбай бастаған оннан астам үй ереді.

1934 жылғы қыстың ортасында Құрманбайдың шешесі Кенжебала дүние салады. Әкесі қабырғасы қатпаған баласын жүдетпеу үшін Құлжа қаласында тұратын нағашы әжесі Тәжидің қолына апарып қояды. Сол жылдың күзінде Құрманбай Құлжа қаласындағы «Шәриқ» (Шығыс) деп аталатын ұйғыр мектебінің табалдырығын аттайды. Бала Құрманбай оқуға ынталы болады. Жылдан жылға санасы өсіп, көңіл көзі ашылып, тез есейеді. 1937 жылдан бастап Шығыс Түркістанда да қазақ-ұйғыр зиялыларын жаппай тұтқындау науқаны жүреді. Өлкенің билеушісі Шың Шицай Сталинмен астыртын астаса отырып ондағы жергілікті халықтың алқымын қыса түседі. Ел басына келген осынау нәубеттің сырын Құрманбай үй іші арқылы терең сезінеді. «Шәриқ» мектебінде жетінші сыныпты бітірген соң, Құлжа қаласындағы гимназияның орта білім беретін ұйғыр сыныбына түседі. Оны 1944 жылы бітіреді. Осылайша оқуының арқасында ұйғыр, өзбек, татар тілдерін еркін меңгереді. Осы тілдердегі әдебиеттерді шұқшия оқиды. Әсіресе, татар әдебиетінің қайраткерлері Қаяом Насыри, Фатих Әмірхан, Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ыбырайымов, Мәжит Ғафури, Һаджи Тақташ шығармашылығымен, сонымен бірге, татар тілі арқылы Пушкин, Толстой, Лермонтов, Гоголь, Горький шығармаларымен танысады. Ол заманда Құлжада татар тілінде кітаптар өте көп еді. Мұның сыртында өзінің үйінде әкесі жинаған Абай, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров шығармаларын хат танығаннан бастап болашақ ақын бас көтермей, жаттап оқиды. Ұзамай өзі де өлең құрай бастайды.

Татар мектебінде білім алып шығып, мәдениет саласында қызмет істеп жүрген ағасы Аманбай 1942 жылдың жазында Лұқман деген татар жолдасы екеуі қамауға алынады да, түрмеде кескіленіп өлтіріледі. Сүйегі де берілмейді. Соның күйігінен әкесі Игілік 1942 жылдың қыраулы күзінде кенеттен қайтыс болады. Құрманбай туған әпкесі Нұрбүбінің және нағашы ағалары Айтжан мен Кенжебайдың қамқорлығы арқасында оқуын тоқтаусыз жалғастырып, ойдағыдай аяқтайды.

1944 жылдың тамыз айында тұтас Іле аймағында зорлық-зомбылыққа қарсы ұлт-азаттық қарулы қозғалыс басталады. Бұл тұста қатты науқасқа шалдыққан Құрманбай алыс ауылға барып, тәуіпке емделеді. Ала келген кітаптарын бас алмай оқиды. Содан науқасынан әбден айыққан соң, 1945 жылдың күзінде Құлжа қаласына оралады. Ұлт-азаттық көтерілісі жеңіске жеткеннен кейін құрылған ұлттық армияның бас қолбасшысы Ысқақбек Мононовқа барып, өзін әскери қызметке алуды өтінеді. Ол Құрманбайдың қазаға ұшы-

раған ағасын және оның қазіргі денсаулық жағдайын білетін болғандықтан: «Жалғыз баласың, оның үстіне әлі жассың, соғыс саған қол емес», – деп әскерге алдыртпайды. Артынша генерал-лейтенант Ысқақбек оны денсаулық сақтау министрлігіне қызметке жібереді. Бұл қызметке көңілі соқпаған жас жігіт бір-екі ай істейді де, ауылына қайтып кетеді. Сол жылдың күзінде Рахаттың Қарасуы деген жердегі бастауыш мектепте бала оқытады. 1946 жылдың жазында Құлжа қаласына оралып, қайтадан ашылған театрдың қазақ бөлімінде әдебиет ісін қараушы болып істейді. Бұл кезде жалпы театр жұмысын ұйғыр жазушысы Зия Сәмеди басқаратын. Театрда Дәнеш Рақышев, Темірғали, Қайыпбек секілді талантты әншілер өнер ұйытқысы болады. Драмалық шығармалар ойнала бастайды. «Боз жігіт», «Шұға» секілді пьесалар зиялылардың қатысуымен жиі қойылып тұрады. Құрманбай суфлерлік міндет атқарды. Содан сол күзде қалалық оқу бөлімінің бастығы Сұлтан Өскенбаев шақырып алады да, Құрманбайды жаңадан ашылған қазақ мектебіне мұғалімдікке жібереді.

Құрманбайдың өлеңдері осы тұста Құлжада шығатын қазақ газеттерінде жиі жарияланып тұрады. Ең алғаш жас ұрпақты оқып, білім алуға шақырған «Мектеп» деген өлеңі 1946 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Төңкеріс таңы» газетінде басылды. Содан әрі шығармашылық өрісі кеңейе берді. 1947 жылдың тамыз айында өзі де осы газетке қызметке шақырылады. Жас, тәуелсіз республиканың аяғынан тік тұрып кетуі жолында болашақ жазушы барын, жанын салады. Құрманбай өмірінің осы кезеңін марқұм Жағда Бабалықов: «1940 жылдан 1949 жылға дейін Құрманбай екеуміз Шығыс Түркістанда етене араластық... Тоғыз жылдай өзімізше ел болдық. Міне, осыған Құрманбай Толыбаев жас та болса айырықша үлес қосты. Ұлт-азаттық күрестің бел ортасында жүрді», – деп еске алған екен. 1948 жылдың тамыз айында ұйғыр және қазақ тілінде жаңадан ұйымдасқан «Одақ» журналының әдебиет бөлімін басқарады. Сонда Ахметжан Қасыми, Ұйғыр Сайрани, Зүнүн Қадыри, Бұқара Тышқанбаев қатарлы қоғам қайраткерлерімен, әйгілі жазушылармен қызметтес болады. Бұл журнал өлкеде тыныштық пен демократияны орнатуды мұрат еткен өркениетті қоғамның органы еді. Алғашқы редакторы А.Қасыми, одан кейін Ұ.Сайрани болатын. Аспанасты елінде 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылған соң 1945 жылы ұйымдасқан Шығыс Түркістан республикасы «тарайды» да, жаңа үкіметтің билігіне бағынады. Шыңжаңда тыныштық пен демократияны қорғау қоғамы өлке орталығы Үрімжіге қоныс аударады. Бірақ «Одақ» журналы 1950 жылдың көкек айына дейін Құлжа қаласында шығып тұрады. 200 беттік көлеммен ай сайын шығатын журнал 1950 жылдың көкек айында Үрімжіге көшеді. Құрманбай ілеспей Құлжада қалады да, жаңа шыға бастаған «Халық хабаршысы» газетіне ауысады. Одан кейін 1951 жылдың қазанынан 1952 жылдың қаңтарына дейін «Жаңа жол» газетінде істейді. Қаңтарда «Жаңа жол» газетінің аты «Іле газеті» болып өзгереді де, Құрманбай сол газеттің бас редакторы болып тағайындалады.

Құрманбай Толыбаев төселген журналистке айналады. Мақалалары мен очерктері, әңгімелері мен өлеңдері қазақ тілінде барлық газеттерде үзбей жарияланып тұрды. 1950 жылдан кейін өлкелік «Шыңжаң газетінде» де, 1953 жылдан шыға бастаған әдеби журнал «Шыңжаң әдебиет-искусствосында» да (қазіргі «Шұғыла») үздіксіз жарияланды. Қысқасы, талантты жас қаламгер ретінде жұртқа кеңінен танылды.

Құрманбай Толыбаев 1955 жылдың тамыз айында әпкесі Нұрбүбімен бірге іргелі Қазақ еліне, атамекеніне оралады. Сол жылдың қараша айында Алматы қаласына келеді де,

баспаханада, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында корректор болып жұмыс істейді. Білімін жетілдіру мақсатымен 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, журналист мамандығы бойынша жоғары білім алып шығады. 1963-1968 жылдары «Қазақстан пионері» газетінде әдеби қызметтер, бөлім меңгерушісі болды. 1968 жылы «Балдырған» журналына ауысып, 1989 жылға дейін табан аудармай 21 жыл қызмет етті. Содан кейін 1989 жылдың қазан айынан 1996 жылдың көкегіне дейін «Шалқар» газетінде редактордың бірінші орынбасары болып істейді. Әсіресе, қаламгердің осы «Шалқар» газетінде істеген кезеңі КСРО-ның ыдырап, Қазақ жұртының сан ғасырлық арманы – тәуелсіздікке қолы жеткен жылдарға тұспа-тұс келді де, Құрекең кәдімгі бөгеуі алынған дариядай ақтарылды. Бұл туралы жазушының сол жылдардағы басшысы әрі әріптесі, публицист-жазушы, аудармашы Уахап Қыдырханов былай еске алады: «Шалқар» Құрманбайдың шаттығы еді... «Жариялылық» деген жылы сөз шыға сала, ұлт тағдырын тайсалмай жазды. «Ақтаңдақтар» ақиқатын айтты. Қабанбайдан Хангелдіге дейінгі батырларды, Төледен Төбетке дейінгі билерді, Керейден Кенеге дейінгі хандарды тәуелсіздікке дейін ақ жазып тастады. Жоңғариядағы, Моңғолия, Түркия, Түрікменстандағы қазақтардың шежіресін жасады. Нығымет Мыңжанидың, Су Бэйхайдың тарихи кітаптарын түгел жариялады. «Құранның» алғашқы аудармасы мұсылманға осы газет арқылы жетті. Көне мұралар көтерілді. Әдет-ғұрыптың бәрі Құрекеңнің қолымен жазылды. Қазір ол «Атадан қалған бар байлық» болып, әр үйдің төрінде тұр».

1996 жылы бірыңғай демалысқа шығып, өмір бойғы жоспар күйінше қалып келе жатқан дүниелерін бұрқыратып жазып, жазғанын халқының игілігіне ұсынып, содан ғазиз жанына рахат тауып жүрген жазушының жайсаң жүрегі 2004 жылдың 20 тамызында соғуын тоқтатты.

Қазақстанда алғаш рет Қ.Толыбаевтың «Іле шалқып ағады» атты өлеңі 1956 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Содан бастап оның қаламы бір тыныс тапқан жоқ. «Ай күледі» өлең кітабы (1969), «Қайдасың, досым» повесі (1970), «Шынар» әңгімелер мен дастандар жинағы (1976), «Өжеттер» повесть және ертегілер жинағы (1977), «Балбөбек» өлеңдер жинағы (1979), «Күн төбесі» ертегілер жинағы (1981), «Шапак» әңгімелер жинағы (1984), «Алматым менің» публицистикалық әңгімелер (1985), «Тамшылар» әңгімелер мен ертегілер жинағы (1987), «Айдың жүзі дөңгелек» повесть, ертегілер жинағы (1989), т.б. кітаптары жас оқырманға кеңінен таныс. 1986 жылы шығармаларының бір парасы «Смельчаки» деген атпен орыс тілінде жарық көрді. 1990 жылы шыққан «Кел, ойналық» кітабы әлем балалары мен қазақ балаларының ойындарынан құралды. 1993 жылғы «Нар идірген» кітабы халқымыздың күй аңыздарын әңгімелейді. 1995 жылы жарық көрген «Әсет» атты роман-новелласы әйгілі ақын, әнші Әсет Найманбайұлының өмір белестерінің соңғы кезеңін ой арқауы етті. Онда Қытайдағы қазақтар өмірінен де мол суреттер жасады. «Бабадан қалған бар байлық» кітабы әдеби этнографиялық танымдық еңбек, «Қас батыр – бас батыр» повесі әйгілі қолбасы, асқан қаһарман Қабанбай батырдың, «Бала Қаныш» кітабы академик Сәтбаевтың балалық шағына арналған көркем дүниелер. Қаламгердің мұрағатында әлі жарық көрмеген дүниелер де өте мол. «Өрімтал» балғын оқушыларға сый. «Өмір бесіктегі ырғақтар» өлеңдер жинағы, «Бел-белестер» дастандар жинағы толассыз толғаныс пен тынымсыз ізденістің жемісі. Соның ішінде «Хан Абылай», «Қыз өлген күз», «Ежелгі қала Қарашық», «Манас мұңы», «Түркістан – атамекен» секілді дастандарына қазақ тарихының сан қилы белестері арқау болған.

Қ.Толыбаев әлем халықтары ертегілері мен ақын-жазушыларын аудару ісінде де елеулі еңбек етті. Мұның сыртында қазақ балаларының сүйікті кітабына айналған «Жыл – он екі ай» деп аталатын күнтізбелік жинақтың қалыптасуына да аса мол үлес қосқаны жұртқа аян.

Қ.Толыбаев қолына қалам ұстап, әдеби қызметке араласа бастаған кезде Шығыс Түркістандағы Алтай-Сауыр, Тарбағатай-Шәуешек, Іле-Құлжа өңірінде Әсет ақынды көзімен көргендер де, ән-өлеңдері мен кисса-дастандарын жатқа айтып, көпшілікке таратушылар да көп болған. Ол ел ішіндегі белгілі ақын-әншілер мен жыршы-шежіреші қариялардан Әсеттің көп шығармаларын жазып алып, ел игілігіне жаратты. Құлын-тайдай тебісіп, бала кезінен бірге өскен сырлас досы Дәнеш Рақышевқа Әсет әндерін жаттатып, сол қалпынша ел ішіне таратуға көп жәрдемдесті. Дәнештің Әсет әндерінің әуен-әуезін жинақтап, бір ізге, түпнұсқалық қалпына түсіруіне де Қ.Толыбаевтың көп еңбегі сіңгенін Қазақстанның халық әртісі Д.Рақышев кезінде баспасөзде де, басқа сөзде де айтып кеткенін білеміз.

Қ.Толыбаев «Әсет» романында ХХ ғасыр басындағы Шығыс Түркістан жеріндегі қазақ ауылдарының ішкі-сыртқы өмірінен алынған, әрқайсысы бөлек-бөлек шығармаға өзек боларлықтай он шақты оқиға қамтылады. Осы оқиғалардың туып, өрбуімен байланысты романда елуге жуық адамның аттары аталады да, жиырмаға тарта кейіпкердің іс-әрекеті нақтылы баяндалады, көпшілігіне айқын мінездеме беріледі, дара, жанды портреттер жасалады.

Қысқасы, Қ.Толыбаевтың «Әсет» атты романы қазақ прозасының өсу жолындағы көрнекті табыстарының бірі және оның бүгінгі биігіне айғақ боларлықтай құнды дүние. Бірақ жазушының көзі тірісінде аталған шығармасы лайықты бағасын ала алмады. Тағы да сол, жақсыны өлтіріп алып «әттең-айлайтын» қазақы өкініш! Ал жазушының «Бабадан қалған бар байлық» атты этнографиялық-танымдық әңгімелер жинағы – әдеби-этнографиялық әдіспен жазылған тәрбиелік те, білімдік те құны ерекше дүние.

Осылайша шығармашылық ізденістен, еңбек етуден бір күн де қол үзбеген Құрманбай Толыбаев тіршілігінде өзінің білімі мен қабілетін жас ұрпаққа, туған халқына арнаудан еш аянған емес. Әрі, ол «ақын болу еркінде, азамат болу борышың» деген қағиданы өзінің тұтас өмірінің тұғырнамасы еткен ұлтымыздың ұғымындағы нағыз жайсаңның өзі еді. Оның біз айтып отырған кісілік сапасы туралы бірге оқыған курстас досы, академик марқұм Рымғали Нұрғали: «Құрманбай табиғатынан дарынды, аса еңбекқор адам еді. Оның бүкіл өмірі оқу-ізденумен, жазу-сызумен өтті. Біреудің алдына түсу, дүние жинау, байлық қуу, кісінің сыртынан ғайбат айту, әлдекіммен ұстасу, кектесу, өш алу дегендерден құлан-таза болатын. Адалдық, тазалық, еркіндік, туған халқына махаббат – оның басты қасиеттері еді», – деп еске алған еді.

Құрекеңнің ұлтжандылығы тұтас ұлт тағдырына қатысты аса ауқымды, мемлекеттік мәселелерден бастап, тұрмыстық деталдарға дейін қамтып жататын. Сәлемдесудің ұлттық қалыбы, телеарналардағы қазақ тілді хабарлардың көлемі, кісі аттары, жер-су, көше аттары, көші-қон түйткілдері... бәрі бәріне Құрекең бейтарап қарай алмайтын. Курстас досы, қаламгер Әміржан Қали өз естелігінде «1958 жыл. Абитуриентпіз. Бір жігіт алдымнан шығып сәлем берді. Содан басқа сөзге келместен: «Алматыда қазақ иісі бар, әйгілі қазақтар есімі берілген көшелер өте аз ғой, неге олай?» деді. Бұл кеше ғана арғы

беттен келген абитуриент Құрманбайдың сұрағы. Танымайтын адамға бұл сұрақты төтесінен қойғызып тұрған ішкі қыжыл, наразылық екені белгілі.

Құрекеңнің тағы бір қасиеті жалпы жұртқа, әсіресе, өз ортасына ерекше сыйлылығы еді. Оның осы қасиеті туралы да біз айтқаннан гөрі, жастайынан бірге өскен, өле-өлгенше тату дос боп өткен академик Рымғали ағамыз сөз алсын. «Құрманбай алды-артына бірдей мейірмен қарайтын, адамды кісілігіне қарай сыйлап, құрметтейтін көшелі кісі еді. Тағдырлары ұқсас Зия Сәмеди, Жағда Бабалықов, Қабдеш Жұмаділов, бірге қызметтес болған Мұзафар Әлімбаев, Әнуарбек Дүйсенбиев, баласы қатарлас Тұрсын Жұртбаевпен сырлас дос, ниеттес болатын. Курстастарының бәрі Құреке деп түгел төбесіне көтеруші еді. Әсет мектебін қайта тірілткен, қазақтың қобыз үнді ғажайып әншісі, ішкі сарайы тап-таза періште мінез Дәнеш екеуінің шығарда жандары ғана бөлек еді»...

Егер Құраған өз ортасына сондай сыйлы, үлкенге жақсы іні, кішіге қамқор аға бола білмесе, Мұзафар Әлімбаев, Қоғабай Сәрсекеев, Рымғали Нұрғали, Есенбай Дүйсенбай, Оразақын Асқар, Қастек Баянбай, Марфуға Айтқожа бастаған қазақтың қабырғалы ақын-жазушылары аһ ұрып жоқтар ма еді?! Есенбай ақын:

Биікке дәйім өрлеген,  
Билік те құмай, бұлданбай.  
Алыстап көңілі көрмеген,  
Жақыным өтті – Құрманбай!

Еске алам енді егіле,  
Ұлы адам еді нұр маңдай.  
Кеудесі тарих, шежіре,  
Ғұламам өтті – Құрманбай! – деп егіліп еді.

Көзі тірі болғанда Құрекең қарқарадай болып, тоқсанға толып ортамызда отырар еді... Алайда, тоқсан емес, сексенін де көрмей кеткен қаламгердің екінші өмірі – рухани тынысы басталып кеткелі де ондаған жылдардың жүзі болды. Елі аман, жұрты тыныш. Балалары мен немере-шөберелері өсіп жатыр. Қарашаңырағының түтінін сөндірмей Роза апамыз ұстап отыр. Мектеп оқулықтарына енген шығармалары неше буын жеткіншектеріміздің бойына нәр құйып келеді. Ара-тұра болса да кітаптары қайта басылып шығып жатыр. Уақыт озған сайын Құрманбай есімінің жарқырап, Толыбаев әлемі толыса түсеріне еш күмән жоқ.

Несіпбек АЙТҰЛЫ  
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ  
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері